

2016 жылғы 7 қыркүйегіндегі "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" № 13/02 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2020 жылғы 28 тамыздағы № 05/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қыркүйекте № 6019 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2016 жылғы 7 қыркүйегіндегі "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" №13/02 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №3970 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 21 қазанында электронды түрде жарияланған, "Индустриальная Караганда" 2016 жылғы 25 қазандағы №138 (22083) және "Орталық Қазақстан" 2016 жылғы 25 қазандағы №174 (22279) газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының В. Александрова
міндетін атқарушы